

Көшелерді қайта атау туралы

Қарағанды облысы Нұра ауданы Көбетей ауылының әкімінің 2018 жылғы 23 қарашадағы № 1 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 12 желтоқсанда № 5060 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңына және Қарағанды облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 30 мамырдағы қорытындысына сәйкес, Нұра ауданы Көбетей ауылының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Нұра ауданы Көбетей ауылының көшелері:
 - 1) Черниговский көшесі Тәуелсіздік көшесіне;
 - 2) Степной көшесі Орталық көшесіне;
 - 3) Заводская көшесі Достық көшесіне;
 - 4) Белорусская көшесі Жағалау көшесіне қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауыл әкімі

Х. Бикенов